

## Қоғамдық кеңестің х а т т а м а с ы № 12

15 желтоқсан 2023 жыл

### Ақсуа ауылы.

**Ақсуат аудандық қоғамдық кеңестің** отырысы «Аманат» партиясының мәжіліс залында өтті қатынасқан қоғамдық кеңес мүшелері:  
Е.Жұмаханов, А.Аққазин, Б.Кемербаев, Е.Тоқтабаев, Т.Рахымжанов, Б.Қабышев  
А.Бұлантаев, С.Жәлелбеков және қоғамдық кеңес хатшысы А.Иманғалиева шақырумен күн тәртібіне байланысты аудандық білім бөлімі басшысының орынбасары Г.Искакова, мектеп басшылары Ж.Қабдолова, Г.Ілбекова, Е.Каженов және Ю.Гагарин атындағы мектеп директорының орынбасары Н.Оралбеков және сараптамаға қатысушы Г.Нығызбаева, Д.Қыдырбекова, мектеп асханасын жалға алушы кәсіпкерлер мен атан- ана, бракераж комиссиясының төрағалары , мектеп мейірбикелері қатынасты.

### Күн тәртібінде

1. Ақсуат аудандық білім бөліміне қарасты Ойшілік ауылындағы Тоғас батыр, Құмкөл ауылындағы Сасан Би, Қарғыба ауылындағы Ю.Гагарин, Екпін ауылындағы Ы.Кәбеков атындағы орта мектептердегі бастауыш сынып оқушылары мен аз қамтылған отбасы балаларын тамақпен және ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстарының жәйі туралы .

Хабарламашылар мектеп директорлары Ж. Қабдолова, Г.Ілбекова, Е.Каженов және Н.Оралбеков .Қосымша хабарламаны сарапшылар комиссиясының басшысы А.Бұлантаев, А.Иманғалиева.

2. Ақсуат аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» қатынасына келісім беру.

### Тыңдалды

Күн тәртібіндегі мәселер бойынша сарапшылар атынан А.Бұлантаев пен А.Иманғалиева хабарлама жасады.

Күн тәртібіндегі 1- мәселе бойынша Ойшілік ауылының Тоғас батыр атындағы мектептің директоры Ж.Қабдолова хабарлама жасады.

### Сұрақтар

1. **А.Бұлантаев** -Мектеп асханасына градусниктер қойдыңыздар ма?
2. **Е.Тоқтабаев** – Мектеп асханасында аспазшылап киімін қоятын шкаф жоқ дейді, оны кім қою керек?
3. **Е.Жұмаханов**- Тамақтың сертификаттарының неге уақыты өтіп кеткен, ол өте үлкен қателік қой, оны кім тексеру керек?

Сұрақтарға ттлық жауап қайтарылды.

Күн тәртібіндегі 2- мәселе бойынша **Сасан би** атындағы орта мектеп директоры **Г. Ілбекова** хабарлама жасады.

### Сұрақтар

- 1.А. Бұлантаев** – Сіздерде де қойма мәселесі бар,ол қалай шешіледі?
- 2.Б. Қабышев** - Мектептегі асхананың стол орындықтары ескі екен,сіздерде таяу жылдарда тремонт бар ма?
- 3.Е.Тоқтабаев** - Еттің сертификаттарын қайдан аласыздар?

Сұрақтарға толық жауап қайтарылды.

Күн тәртібіндегі 3- мәселе бойынша **Ы.Кәбеков** атындағы орта мектеп директоры **Е.Кәженов** хабарлама жасады.

### Сұрақтар

- 1.Б. Кемербаев**- Балалар су ішетін атқылама шағын кран жоқ деген сұрақ болыпты,оны қалай жүзеге аспырасыздар?
- 2.Е.Жұмаханов**- Жаңа мектеп салу туралы қандай жоспар бар?
- 3.Т.Рахымжанов**-Мектеп асханасында желдеткіш жоқ екен оны қалай жасайсыздар?

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша **Ю.Гагарин** атындағы мектеп директорының міндетін атқарушы **Н.Оралбеков** хабарлама жасады.

- 1.Е. Бұлантаев**- Мектеп асханасында ет қоятын мұздатқыш болмады,оны қалай шешесіздер?
- 2.Б.Қабышев** – Бракераж комиссиясының жұмысын кім басқарады?

### Жарыс сөз

**Е.Жұмахан**-Жалпы күн тәртібіндегі мәселе- бүгінгі күні өте ауқымды мәселе.Өздеріңіз естіп, көріп отырсыздар,Алматы жақта балалар тамақтан уланып ауруханаға түсті.Бұл тексеру үшін ғана жасалмау керек, балалар біздің болашағымыз,олардың денсаулығы ең басты мәселе болуы керек.Жаңа сертификат мәселесін неге көтеріп жатырмыз,ол ас мәзірі үшін ең қажет нәрсе ертеңгі күні уақыты өтіп кеткен тамақ ішіп балалар уланып жатса кім жауап береді,мектептегі дәрігер ханымдар осына қатты бақылауға алуы керек.

**Е.Тоқтабаев**-Жалпы ет мәселесіне сертификат алу деген өте қиын мәселе,олай дейтін себебім сертификат тек мал сою аландарынан алынады,ал ондай алаң тек Екпінде ғана бар,сонда бұл кісілер оны базардан ғана алады,олар ақша сұрайды,міне осыдан барып қателік басталады. Сол себепті сертификаты бар жерден ғана ет алуға тура келеді.Содан кейін жақсы жағдай балалардың тамағы жақсы жасалып жатыр екен,осы мәселеле басшылықтың үнемі назарында болуы керек жағдай.Бұл мәселе күн тәртібіне дұрыс

қойылған деп ойлаймын.Келешекте барлық мектептердің асханасын да көріп шығу қажет.

**А.Бұлантаев-** Жалпы барлық аспаздарға тән кемшілік,қолда сақина,білезік деген нәрселер болмау керек.Формалар крахмалданып,үнемі таза болуы тиіс. Тамақ қалдықтарын сақтайтын арнайы ыдыстар, болуы керек.Бір байқағаным ет жемейтін,нан жемейтін балалар бар екен қаншама тамақ расход болып жатыр. Ал меню аудан бойынша бір балаға 650 теңге оны азайтуға да кемітуге де болмайды. Сол себепті менің ойымша балалардан сауалнама алып, ет жемейтін ,нан жемейтін балалардың тамақ менюін ақшаның мөлшерін төмендетпейтіндей дәрежеде басқа тағаммен ауыстыру қажеттігін қарау керек шығар,оны енді мектеп бапшылығы шешуі керек болар.

Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдап талқылай келе қоғамдық кеңес төмендегідей қарар қабылдады.

### Қ А Р А Р


1.Жоғарыда аталған мектептердегі бастауыш және аз қамтылған отбасыларының балаларын тамақпен және ыстық тамақпен қамтамасыз ету мәселесі бүгінгі күнде оқушыларды да олардың ата аналарын да қанағаттандырып отырғаны атап өтілсін.

2. Аталған мектептердегі қосымша қойма жасау,шкафтар қою,бейне камера қою, жетіспейтін және ескі тоңазытқыштар мен мұздатқыштарды ауыстыру тамақ ысытқыштапр алу,асханаға желдеткіштер мен таза су атқылама шағын крандар қою,тамақ қалдықтарын сақтайтын арнайы ыдыстар болуын қамтамасыз ету мектеп басшылығына міндеттелсін.

3. Аталған кемшіліктерді орнына келтіруге және оның орындалғаны жөнінде хабарлама беру мектеп директорларына тапсырылсын оған 1 ай уақыт берілсін.

Жиналыс хаттамасын жүргізген қоғамдық

кеңес хатшысы :



**А.Иманғалиева**